



Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

Сапа бойынша есеп

*Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында
ақпараттық-коммуникациялық технологияларды
пайдалану туралы*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы басқармасы

S.1.3 Байланыс адамының аты

Төлегенқызы Тоғжан

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Якупова Зифа Рафиковна

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Астана қ., Есіл ө. сол жақ жағалауы, Мәңгілік Ел 8 көшесі, Министрліктер үйі, 4 кіреберіс, e-mail: kazstat.rk@gmail.com

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

t.tolegenkyzy@economy.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172)74-97-70

S.2 Өзектілік- кіріспе

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму деңгейі ел экономикасының бәсекелестігіне белгілі бір дәрежеде әсер етеді. Экономиканың қазіргі заманғы даму деңгейіне кәсіпкерлік сектор, азаматтық қоғам мен мемлекеттің өзара іс-қимыл деңгейі сәйкес болуы тиіс. Оған АКТ-ны дауыту мен қолданусыз жету мүмкін емес.

АКТ - ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, тарату, көрсету және оны пайдаланушылардың мүдделеріне пайдалану мақсатында біріктірілген әдістер, өндірістік процестер мен бағдарламалық-техникалық құралдар жиынтығы.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық қамтамасыз ету шеңберінде "Ақпараттық Қазақстан - 2020" және "Цифрлық Қазақстан" бағдарламаларының іс-шараларын орындау бойынша, кәсіпорындарда АКТ-ны пайдалану деңгейін сипаттайтын ақпарат жыл сайын қалыптастырылады.

Ұйымдарда АКТ-ны пайдалану статистикасын қалыптастыру үшін "Кәсіпорындарда АКТ пайдалану туралы есеп" 3-ақпарат нысаны негіз болып табылады. Статистикалық байқаудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының ұйымдарында АКТ-ны пайдалану деңгейін анықтау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі, "Зерде" ұлттық инфокоммуникациялық холдинг" АҚ негізгі пайдаланушылар болып табылады.

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінде әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттер, мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің, сондай-ақ "Атамекен" ҰКП қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтар) отырыстары өткізіледі, онда жалпымемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қайталануын болдырмау және олардың актуалдығы тұрғысынан егжей-тегжейлі талданады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Ұйым туралы толық ақпарат, компьютерді және компьютер желілерін қолдану, Интернет желісін пайдалану, электрондық үкімет, Бұлтты есептер, электрондық коммерция, электрондық бизнес, АКТ саласындағы мамандар және білімдер.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Іріктемелі зерттеулер жүргізу кезінде статистикалық классификация зор маңызға ие. Оларды қолдану жиналатын ақпараттың басқа статистикалық зерттеулер деректерімен салғастырымдылығына және оның сапасына әсер етеді. Кәсіпорындарда АКТ-ны пайдалану туралы іріктемелі зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1)ЭАОЖ – Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2)ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3)МНЖ – Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;
- 4)КМЖ – Заңды тұлғалардың, өлшемділігі жіктеуіші;
- 5)ЭСЖ – Экономика секторларының жіктеуіші;

Аталған жіктеуіштер Статистика комитетінің www.stat.gov.kz Интернет ресурсындағы "Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша)" - Жіктеуіштер бөлімінің басты бетіне орналастырылған.

S.4.3 Секторлық қамту

Экономикалық қызмет түрлері Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 01-03, 05-09, 10-33, 35, 36-39, 41-43, 45-47, 49-53, 55, 56, 58-63, 64.19, 64.92, 65, 68-74, 77-82, 86, 90, 93, 95.1, 96.04 кодтарына сәйкес саны 100 адамнан асатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ ЭҚЖЖ 84.11, 84.12, 84.13, 84.21, 84.30 санына қатыссыз - жаппай әдіспен, көрсетілген ЭҚЖЖ бойынша (ЭҚЖЖ 84.11, 84.12, 84.13, 84.21, 84.30 қоспағанда) саны 100 адамға дейінгілер - іріктемелі әдіспен, сондай-ақ ЭҚЖЖ-ға қатыссыз, электронды коммерцияны жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер тізім бойынша ұсынады.

S.4.4 Статистикалық деректермен қамтылатын негізгі экономикалық немесе өзге де секторлар

1) Респонденттер тобы: экономикалық қызмет түрлері Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 01-03, 05-09, 10-33, 35, 36-39, 41-43, 45-47, 49-53, 55, 56, 58-63, 64.19, 64.92, 65, 68-74, 77-82, 86, 90, 93, 95.1, 96.04 кодтарына сәйкес саны 100 адамнан асатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ ЭҚЖЖ 84.11, 84.12, 84.13, 84.21, 84.30 санына қатыссыз - жаппай әдіспен, көрсетілген ЭҚЖЖ бойынша (ЭҚЖЖ 84.11, 84.12, 84.13, 84.21, 84.30 қоспағанда) саны 100 адамға дейінгілер - іріктемелі әдіспен, сондай-ақ ЭҚЖЖ-ға қатыссыз, электронды коммерцияны жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер тізім бойынша қамтуға жатады.

2) Инструментарий: «Кәсіпорындарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану туралы есеп» (коды 291112205, индексі 3-ақпарат, кезеңділігі жылдық) нысаны.

3) Байқау типі: іріктемелі.

4) Респонденттердің ұсыну мерзімі есепті кезеңнен кейінгі 19 қаңтарға (қоса алғанда) дейін. Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсына (www.stat.gov.kz) орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Нысанды соңғы қайта қарау 2017 жылы болды, статистикалық нысан Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (www.stat.gov.kz) интернет-ресурсындағы Респонденттерге - 2019 жылғы статистикалық нысандар - жылдық нысандар бөліміне орналастырылған.

S.4.5 Статистикалық объект

АКТ, Интернет, компьютер

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

АКТ пайдаланатын ұйымдарды зерттеу жылдық негізде іріктемелі әдіспен жүргізіледі.

Қажетті жіктелімдік және мекенжай деректері бірліктерінің толық тізбесі бар Статистикалық бизнес тіркелім (бұдан әрі - СБТ) бас жиынтық анықтау үшін пайдаланылады.

Ұйымдарда АКТ пайдалануды зерттеу бойынша іріктемелі жиынтықты қалыптастырудың негізгі өлшемшарттарына мыналар жатады:

1) ұйымдар бойынша:

- ұйым белсенді;
- шағын кәсіпорындар (іріктеме өлшемі 10%-ды құрайды);
- ірі және орта кәсіпорындар жаппай әдіспен зерттеледі (100%);
- ЭҚЖЖ-ға қатыссыз, электронды коммерцияны жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер тізім бойынша;

2) мемлекеттік басқару органдары бойынша:

- мемлекеттік басқару органдары жаппай әдіспен зерттеледі. Зерттеуге өлшемділігіне қарамастан барлық белсенді мемлекеттік басқару органдары қатысады.

Іріктемелі жиынтықты Статистика комитетінің www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында "Әдіснама" - Статистикалық байқауларға арналған іріктемесінің жиынтығын қалыптастыру бөлімінде орналастырылған, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 22 тамыздағы № 169 бұйрығымен бекітілген "Кәсіпорындарға іріктемелі зерттеулер жүргізу бойынша әдістемесіне" сәйкес іріктеме дизайнына тапсырыс беру негізінде қалыптастырылады.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы және оның өңірлері

S.4.8 Қамту уақыты

Қазақстанда кәсіпорындарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану бойынша зерттеу жыл сайынғы негізде 2004 жылдан бастап жүргізіледі. 2004-2017 жылдардағы уақыттық қатарлар бар.

S.4.9 Базалық кезең

Зерттеу жылының алдындағы жыл базалық кезең болып есептелінеді.

S.5 Өлшем бірлігі

Мың теңге

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.
3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағаның м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.
4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.
5. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.
6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.
7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №778 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары.

S.8 Күпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Күпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы.
2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық күпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (бұдан әрі – Комитет) төрағасының 2016 жылғы 31 қазандағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Комитеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын, оның тұтастығын және теңтүпнұсқалығы болған жағдайда Комитеттің есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпаратты қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 778 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсатта ұсыну және пайдалану ережесі.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағына сәйкес.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР ҰЭМ СК сайтында www.stat.gov.kz «Негізгі» бөлімінде// «Негізгі құжаттар» орналысқан.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
2. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.
3. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.
4. «Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигімен көзделмеген статистикалық ақпаратты ұсыну» мемлекеттік қызметтің Стандарты (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №258 бұйрығы) және Регламенті (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі №359 бұйрығы).
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №778 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары.

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 30 қарашадағы №292 бұйрығымен бекітілген «Ресми статистикалық ақпаратты электронды түрде қалыптастыру және тарату бойынша әдістеме.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің төрағасы 2015 жылғы 18 тамыздағы бұйрығымен бекітілген Пайдаланушылармен, оның ішінде БАҚ және кең жұртшылықпен өзара іс-қимыл бойынша басшылық.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасы 2016 жылғы 7 желтоқсанда бекіткен Корпоративтік стильді қолдану бойынша басшылық.

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

S.11.2 Жарияланымдар

1) "Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану туралы" статистикалық бюллетені, ҚР ҰЭМ Интернет-ресурсында, Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша) - Жедел деректер (жедел ақпарат, бюллетендер) - Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар статистикасы - Бюллетеньдер бөлімінде орналастырылған;

2) "Қазақстан Республикасында байланыс және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы" статистикалық жинағы ҚР ҰЭМ Интернет-ресурсында, Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша) - Жинақтар, тоқсандық басылымдар, талдамалық материалдар мен электронды кестелер - Статистикалық жинақтар бөлімінде орналастырылған;

3) "Ақпаратты Қазақстан - 2020" мемлекеттік бағдарламасының көрсеткіштері, ҚР ҰЭМ Интернет-ресурсында, Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша) - Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың көрсеткіштері бөлімінде орналастырылған;

4) Негізгі көрсеткіштер және серпінділік кестелер, ақпараттық-коммуникациялық технологияларға жұмсалған жалпы шығындар, ұйымдарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану көрсеткіштері, ұйымдардағы компьютерлер саны және т.б., ҚР ҰЭМ Интернет-ресурсында, Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша) - Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бөлімінде орналастырылған.

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

"Талдау" ақпараттық талдамалық жүйе

S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №778 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсатта ұсыну және пайдалану ережесі.

S.11.5 Өзге де

қолданылмайды

S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1) "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар статистикасы бойынша әдістеме" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «21» қазан № 246 бұйрығымен бекітілді. 2016 жылғы 23 қарашада №14447 ҚР Әділет министрлігінде тіркелді. Статистика комитетінің www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында "Әдіснама" - Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар статистикасы бөлімінде орналастырылған;

2) "Статистика бойынша әдіснамалық ережелер 2018 жыл" толықтырылған төртінші басылым. Статистика комитетінің www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында "Әдіснама" бөлімінде орналастырылған;

3) "Ақпараттық қоғам статистикасы бойынша әдістемелік көмек 2015 жыл" Еуростат әдістемесі Еуростат Интернет-ресурсында es.eurostat.eu орналастырылған.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 67 бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2. Статистика комитетінің Сапа саласындағы мақсаттары, Тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары.

3. Сапа менеджменті жүйесі құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Ұйымдардағы АКТ статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алу негізгі принциптерді сақтау.
- тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық сыныптамасын пайдалану;
- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық);
- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау динамикада жүргізіледі;
- деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайту және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру мақсатында алғашқы деректерді электронды форматты енгізу деңгейіне дұрыстықты тексеру анықталған, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар қосылған.

S.13.2 Сапаны бағалау

АКТ-ны кәсіпорындарда пайдалану бойынша зерттеу нәтижелерін нақтылығы және сенімділігіне қатысты жақсы деп бағалауға болады. Зерттеудің сапасын тұрақты бақылау және кездейсоқ сандар кестесін пайдалануға негізделген қарапайым кездейсоқ іріктеменің пайдаланылатын әдісі зерттеу нәтижелерінің нақтылық, сенімділік және репрезентативтілігін қамтамасыз етеді.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі және "Зерде" ұлттық инфокоммуникация холдингі" АҚ - "Ақпараттық Қазақстан - 2020" және "Цифрлық Қазақстан" Мемлекеттік бағдарламаларының мақсатты индикаторларын мониторингілеу үшін; Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі, жергілікті атқарушы органдар және басқа мемлекеттік органдар - талдау жұмыстары үшін.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Кәсіпорындарда АКТ-ны пайдалану бойынша зерттеу ықтимал қателер азайтылған және бақылануда болатындай етіп қалыптастырылған. Сонда да іріктемелі зерттеу жүргізу кезінде, зерттеу аса мұқияттылықпен жүргізілген болса да, статистикада кездейсоқ қате (құны бойынша деректерді дұрыс толтырмау, оператордың есепті енгізу кезіндегі қателері және т.б.) деп аталатын дәлсіздік болуы мүмкін. Мұндай қателерді статистикалық байқауды жүргізу кезінде Облыстық статистика департаменттері және Статистика комитеті анықтайды және түзетеді.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ А1.

Кәсіпорындарда АКТ-ны пайдалану бойынша зерттеу кездейсоқ іріктемеге негізделген іріктемелі зерттеу негізінде жүргізіледі.

Осылайша, нәтижелердің нақтылығын қателерді есептеу шеңберінде бағалауға болады. Салыстырмалы стандартты қателер іріктемелі зерттеу жүргізілгеннен кейін есептеледі.

«Салыстырмалы стандартты қателер» ауқымы бас жиынтықтың шынайы мәнінен іріктеме нәтижесінен алынған пайыздық ауытқумен бағаланады.

Іріктеменің салыстырмалы стандартты қателер іріктеме көлеміне кері пропорционалды, яғни іріктеме көлемін төрт есеге ұлғайтқан сайын, оның қателері екі есе азаяды.

Маңызды деген индикаторлар бойынша салыстырмалы стандартты қате республикалық деңгейде кемінде 3% құрады.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Іріктемелі зерттеуге негізделмеген қателер: алғашқы статистикалық деректерді ұсыну кезіндегі міндеттіліктің арқасында зерттеу жүргізу барысында жауап алынбау болмайды. Кәсіпорындарда АКТ-ны пайдалану бойынша зерттеуді жүргізу кезінде іріктемелі зерттеуге негізделмеген қателер болған жоқ.

S.15.3.1 Қамту қатесі

қолданылмайды

S.15.3.1.1 А2. Қамтуды арттыру - үлес

қолданылмайды

S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - арақатынас

қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 А4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

қолданылмайды

S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

қолданылмайды

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі 55 күні
S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі 55 күні
S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Өңірлер арасында деректер салғастырмалы

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

қолданылмайды

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

қолданылмайды

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

АКТ статистикасы бойынша әдістеме КАЗСТАТ жобасы шеңберінде (Ұлттық статистика жүйесін бекіту бойынша жоспар) алынған Германия және Испания статистикалық кеңселері сарапшыларының халықаралық ұсынымдарына және Еуростат стандарттарына сәйкес әзірленген.

S.18.2 Ішкі келісушілік

АКТ статистикасы бойынша әдістеме ҚР ҰЭМ СК барлық құрылымдық бөлімшелерімен келісілген.

S.19 Жүктеме

Респонденттің қалауымен деректерді жинау қағаз жеткізгіште және электрондық түрде жүзеге асырылады. Онлайн-режимде деректерді жинау кезінде респондентке әдеттегі енгізу қателеріне жол бермейтін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген.

Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау қарастырылған. Нысанды толтыруға жұмсалған орташа уақыт 1-2 сағатты құрайды. Басқа зерттеулермен қайталау жоқ. Әкімшілік деректер пайдаланылмайды.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

қолданылмайды

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Ұйымдардағы АКТ статистикасы бойынша статистикалық ақпарат "Кәсіпорындарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану туралы есеп" 3-ақпарат нысаны бойынша респонденттердің алғашқы есептердің негізінде қалыптасады.

Статистикалық бақылау іріктемелі әдіспен жүргізіледі.

Бизнес-регистр бастапқы жиынтық ретінде пайдаланылады.

Бұл ретте бас жинақты қалыптастырудың негізгі шарттары болып табылу керек:

1) кәсіпорындар бойынша (ЭҚЖЖ кодтары 01-03, 05-09, 10-33, 35, 36-39, 41-43, 45-47, 49-53, 55, 56, 58-63, 64.19, 64.92, 65, 68-74, 77-82, 86, 90, 93, 95.1, 96.04)

-белсенділік коды: 1- белсенді кәсіпорын;

-мөлшерлік коды: 105-160 (шағын) (10%);

-мөлшерлік коды: 215-225 (орта) (100%);

-мөлшерлік коды: 305-311 (ірі) (100%);

2) мемлекеттік басқару органдары бойынша (ЭҚЖЖ кодтары 84.11, 84.12, 84.13, 84.21, 84.30), АКТ=1, 100%;

3) ЭҚЖЖ-ға қатыссыз, электронды коммерцияны жүзеге асыратын ДК тізім бойынша.

Ұйымдарда АКТ пайдалануды зерттеу бойынша іріктемені қалыптастыру кезінде қарапайым кездейсоқ іріктеме әдісін пайдалана отырып стратификацияланған іріктеме пайдаланылады.

Осы зерттеудегі мақсатты жиынтық экономикалық қызмет түрлері, кәсіпорындардың өлшемділігі және өңірлер бойынша стратификацияланады.

Іріктемелі жиынтықтың деректері тарату коэффициентін қолдана отырып бас жиынтыққа таратылады.

Тарату коэффициенті страталар бойынша есептелінеді.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Ұйымдардағы АКТ статистикасы бойынша статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру ҚР ҰЭМ СК Интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған "Деректерді on-line режимде жинау" ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректердің сапасын жақсарту статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайтуды және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру мақсатында алғашқы статистикалық ақпараттарды электрондық форматта енгізу деңгейінде дұрыстықты тексеру анықталған, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар қосылған.

Форматты-логикалық бақылаулар: бөлімдер, модульдер, тармақтар арасында

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

қолданылмайды

S.21.6 Түзету

Деректерді түзету тікелей статистикалық бақылау жүргізу кезінде жүзеге асырылады.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

қолданылмайды

S.22 Ескерту

Халықаралық деңгейде АКТ статистикасы деректерінің салғастырымдылығын және сапасын алдағы уақытта қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру.